Қ.Т.Ә – 9 – 06

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

# Тәуелсіздік – ұлт рухының бастауы

Эссені „Ханның да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік. Өзегінен айырылған ел өледі", – деген мақалмен бастағым келіп отыр. Расымен де, тәуелсіздікке, бостандыққа жетер байлық жоқ. „Тәуелсіздік деген сөздің өзі бойымызға күш, қуат береді. Тәуелсіздікті ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсап, оған қол жеткізу үшін күрескен. Ал, қазір сол бабалардың ұрпақтарының тәуелсіздікке қол жеткізген киелі кезең. Біздің тәуелсіз, бейбіт мемлекетте өмір сүруіміз сол тәуелсіздік жолында құрбан болған ата-бабаларымыздың арқасы. Оған дәлел 1986 жылғы көтеріліс. Сол жылы тәуелсіздік үшін көтеріліске шыққан қаншама қазақтың жастары қырылып кетті. Олардың қыстың қақаған аязында үстіне мұздай су төгіп, өлі денелерін қоқыс сияқты лақтырып тастап, қорлық көруі біздің тәуелсіз аспан аясында өмір сүруіміз үшін еді. Еркіндік үшін өз жанын қатерге тігіп, күресу үлкен ерлік. Менің ойымша бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Егер, сол кезбен бүгінді салыстырар болсақ, біздің қазіргі жағдайымыз әлдеқайда жақсы. Сол кездегі қиын заман мен қатал заң адам өмірін қиындатады. Бұл көтеріліс соған шыдамаған жастардың жан айқайы, наразылығы. Қазақта „Азат елдің аспаны ашық", – деген мақал бар. Сол сияқты оларда ашық аспан аясында өмір сүрудің, ұрпақтарының тәуелсіз елдің азаматы болуын қалады. Олардың жаны қаза болған күннен бес жыл өткен соң олардың арманы орындалып, 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қорытындылай келе айтарым, тәуелсіз болу, азат болу адамзат баласы үшін асыл қазына, баға жетпес байлық.